

## Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру Нұсқаулығын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 164 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 29 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6143 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 484 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

"Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңына сәйкес және сот-психиатриялық сараптаманы өндіруді жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (Қ.С.Нұрғазиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б.Бисмилдин) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Е.А.Біртановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Досқалиев

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрінің 2010 жылғы  
12 наурыздағы № 164  
бұйрығымен бекітілген

**Сот-психиатриялық сараптамалар өндіру жөніндегі нұсқаулық**  
**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процессуальдық, Азаматтық-процессуальдық кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, "Қазақстан Республикасында сот-сараптамалық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында сот-психиатриялық сараптама өндірудің ұйымдастыру негіздерін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) сот-психиатриялық сараптама органдары – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми практикалық орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын және денсаулық сақтау мемлекеттік басқармасының мамандандырылған психиатриялық ұйымдарының жергілікті органы, олардың қызметіне сот-психиатриялық сараптама ісін жүргізу жатқызылады;

2) сот-психиатриялық сараптама органының жетекшесі - сот-психиатриялық сараптама органы сот-сараптау қызметіне басшылықты жүзеге асыратын тұлға ( сот-психиатриялық сараптама органының бірінші басшысы);

3) сот-психиатриялық сарапшы - қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті орган ( лауазымды тұлға) сот-психиатриялық сараптаманы өндіруді тапсырған Заң талаптарына сәйкес тұлға;

4) Сот-психиатриялық сараптама – сот-психиатриясы саласында, шешім үшін маңызы бар істің мән-жайын анықтау мақсатында арнайы ғылыми білім негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер материалдарын зерттеу;

5) Сот-психиатриялық сараптаманы комиссиямен кем дегенде екі сот-психиатриялық сарапшы жүргізуі ал ақыл-есінің дұрыстығы туралы мәселесі бойынша ісін жүргізу үшін кем дегенде үш сот-психиатриялық сарапшы тағайындалады.

3. Сот-психиатриялық сараптаманың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) қылмыстық істер бойынша - қылмыстық істер үшін маңызы бар, арнаулы ғылыми білімдері негізінде, сот-психиатриялық сарапшылар жүргізетін объектілерді зерттеу;

2) әкімшілік құқық бұзушылық азаматтық істері бойынша - әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша маңызы бар, арнаулы ғылыми білімдері негізінде, сот-психиатриялық сарапшылар жүргізетін объектілерді зерттеу;

3) азаматтық істер бойынша - азаматтық істер үшін маңызы бар, арнаулы ғылыми білімдері негізінде сот-психиатриялық сарапшылар жүргізетін объектілерді зерттеу.

## **2-тарау. Сот-психиатриялық сараптама өндіру**

4. Сот-психиатриялық сараптама өндіру негізі қылмыстық, азаматтық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сараптамасын өндіруші органның, соттың, қылмыстық процесті жүргізуші органның сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау туралы қаулы, анықтамасы болып табылады.

5. Сот-психиатриялық сараптаманы комиссиялық түрде кемінде екі сот-психиатриялық сарапшылары жүргізеді, ал ақылы дұрыстығы туралы мәселе бойынша сот-психиатриялық сараптаманы өндіру үшін кемінде үш сот-психиатриялық сарапшылар тағайындалады.

6. Сот-психиатриялық сараптама өндіру кезінде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер материалдары сигналдаушы дыбыспен жабдықталған, сот-психиатриялық сараптама органдары бөлмесінде орнатылған сейфтерде сақталады.

Медициналық құжаттар, сот-психиатриялық сарапшылардың қорытындылары, сот-психиатриялық сараптамаларды тіркеу журналы, сот-психиатриялық сараптама органының сот-сарапшылық қызметі туралы есеп, сот-психиатриялық сараптама органдарындағы сот-психиатриялық сараптаманы өндіру мәселесі бойынша әртүрлі органдармен (тұлғалармен) хат алмасу ерекше іс жүргізуге беріледі

7. Сот-психиатриялық сараптама өндіру кезінде сот-психиатриялық сараптамасының объектісі болып саналатын адамның психикалық көңіл-күйіне өзгеріс енгізе алатын, үшінші бір адамның қатысуын болғызбау керек.

8. Сот-психиатриялық сарапшылар қорытындыны беру немесе қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабар сот сараптамасын тағайындаған органға (тұлғаға) ол әзірленгеннен кейін сараптама үш күн ішінде жіберіледі.

9. Амбулаториялық сот-психиатриялық сараптама өндіру кезінде қаулыда көрсетілгендей сот сараптамасын тағайындау туралы ұйғарым егер бір мәселе бойынша болса, сот сарапшысы қорытынды береді, ал басқаша жағдайда қорытынды беру мүмкіндігі жоқ екені туралы хабарлама жіберу негіздемесі бар болса, олар бірыңғай құжат – сот-психиатриялық сарапшы қорытындысын жазады.

10. Стационарлық сот-психиатриялық сараптама өндіру кезінде егер қаулыда көрсетілгендей сот сараптамасының тағайындау ұйғарымы тек бір мәселе бойынша болса, сот сарапшысы қорытынды береді, ал басқаша жағдайда

қорытынды беру мүмкіндігі жоқ екені туралы хабарлама жіберу негіздемесі бар болса, ол бірыңғай құжат - сот-психиатриялық сарапшының Қазақстан Республикасы белгілеген Заңы бойынша уақытша психикалық бұзылудан шаққанға дейін емдеу жүргізу туралы ұсыныс және сарапшылар мәселесін шешу үшін одан кейін сот-психиатриялық сараптама тағайындаған қорытындысын жазады.

### **3-тарау. Сот-психиатриялық сараптама қызметінің субъектілері**

11. Сот-психиатриялық сараптама қызметінің субъектілеріне:

сот-психиатриялық сараптама органының басшысы,  
комиссиялық сот-психиатриялық сараптаманы өндіру кезінде жетекші сот-психиатриялық сарапшы;

сот-психиатриялық сарапшы немесе лицензия негізінде сот-психиатриялық сараптаманы өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға жатады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

12. Сот-психиатриялық сараптама өндірісін оңтайландыру үшін сот-психиатриялық сараптама органының жетекшісі әрбір комиссиялық сараптама мүшелерінің барлығының арасындағы қызметтік міндеттеріне функциональдық шектеу жүргізеді.

### **4-тарау. Сот-психиатриялық сараптама өндірудің мерзімдері және оларды есептеу тәртібі**

13. Сот-психиатриялық сараптама өндірудің мерзімі сот сараптамасы органы немесе қаулыны өндіруге сот-психиатриялық сарапшы ретінде тартылған сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын тұлға сот-психиатриялық сараптама және оның объектілерін тағайындау туралы ұйғарымды қабылдаған күннен бастап есептелінеді.

14. Сот-психиатриялық сараптама өндіру мерзімін ұзарту сот-психиатриялық сараптама басшысының уәждеу қолдаухаты бойынша немесе осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот-психиатриялық сараптама органының қызметкері болып табылмайтын сот-психиатриялық сарапшы (сот-психиатриялық сарапшылар) тек мына ерекше жағдайларда жүргізеді:

1) сот-психиатриялық сараптама тағайындалған адамның оны жүргізу үдерісі кезінде психикалық жай-күйінің күрт өзгеруі;

2) сот-психиатриялық сараптама тағайындалған адамның оны жүргізу үдерісі кезінде тәни жай-күйінің күрт өзгеруі;

3) сот-психиатриялық сараптаманы өндіру үдерісінде қосымша зерделеуді талап ететін және сот-психиатриялық сарапшылардың қорытындысына елеулі ықпал ететін жаңа жағдайлардың пайда болуы кезінде.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру үшін медициналық ұйымдарда адамдардың болу мерзімін ұзарту ерекшелігін Заң белгілейді.

16. Сот-психиатриялық сараптама күрделілігі санатын анықтау критерийлері:

1) күрделі сараптама – сараптау мәселелерін амбулаториялық жағдайда 20 тәуліктен аспайтын мерзімде шешу мүмкіндігі бар сот-психиатриялық сараптама;

2) ерекше күрделі сараптамалар – стационарлық сараптама жүргізу үшін түрлі мамандарды қатыстыру қажет және сот сараптамасы тағайындалған тұлға аса ауыр қылмыс санатына жататын қылмыспен айыпталса, онда сот-психиатриялық сараптаманы өндіру мерзімі 30 тәуліктен аспауы тиіс сот-психиатриялық сараптама.

17. Сот-психиатриялық сараптама жүргізуді тоқтата тұру сот-психиатриялық сараптаманың мерзімін 10 тәуліктен аспайтын уақытқа тоқтата тұру туралы хабарлама жіберу арқылы, ал жеңілдетілген, сотқа дейінгі өндірістік істер бойынша үш тәуліктен артпауы Заңда қарастырылған тәртіпте, осы нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

18. Сот-психиатриялық сарапшылар қорытындысын беру үшін қажетті қосымша материалдарды зерделеу қажеттігі жағдайында сот-психиатриялық сарапшылар сот-психиатриялық сараптаманы тағайындаған органға (тұлғаға) жеті тәулік ішінде құрастырылған қосымша материалдарды ұсыну туралы жазбаша қолдау хат жібереді, ал жеңілдетілген сотқа дейінгі өндірістік істер бойынша – осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот-психиатриялық сараптаманың өндірісінің басталуынан 2 тәуліктен аспайтын уақытта.

19. Жеңілдетілген сотқа дейінгі өндіру шеңберінде амбулаториялық сот-психиатриялық сараптаманы өндіру мерзімі сот-психиатриялық сараптау және іс материалдары, сондай-ақ сот психиатриялық сарапшылық зерттеу объектісі тағайындалған туралы қаулы алынған кезден бастап үш тәуліктен аспауы керек.

Сот психиатриялық сарапшылар алдына қойған мәселелерге ғылым және сарапшылық практика жағдайы жауап беру мүмкіндігі болмаса, жеңілдетілген сотқа дейінгі өндірістік істер бойынша бір тәулік ішінде көрсетілген мерзімде қорытынды беру мүмкіндігі жоқ екенін дәлелдейтін хабарлама жіберіледі.

## 5-тарау. Сарапшы қорытындысының құрылымы және мазмұны

20. Сот-психиатриялық сарапшылардың зерттеу нәтижелері бойынша " Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы құжаттама нысандарын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша сот-психиатриялық сараптама қорытындысын жасалады, оны өздерінің жеке қолымен және жеке мөрлерімен куәландырады.

Сот-психиатриялық сараптаманы сот-психиатриялық сараптама органы өндірген жағдайда сот-психиатриялық сарапшылардың қолы, көрсетілген органның мөрімен расталады.

**Ескерту. 20-тармақ жана редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

21. Егер сот-психиатриялық сарапшылар өзара келіспеген жағдайда, олардың әрқайсысы немесе сот-психиатриялық сарапшылардың бөлігі жеке қорытынды беретін болса, комиссия мүшелерінің қалғандарының қорытындысы пікірімен келіспеген сот-психиатриялық сарапшы қорытындыда оны бөлек тұжырымдама береді.

22. Қорытындыда мыналар көрсетілуі керек: оны рәсімдеу күні; сот-психиатриялық сараптаманы өндіру мерзімі және орны; сот-психиатриялық сараптама өндірудің негіздемесі; сот-психиатриялық сараптама тағайындаған орган (тұлға) туралы мәлімет; сот-психиатриялық сараптама өндірісі тапсырылған сот-психиатриялық сараптама және сот-психиатриялық сарапшылар органы туралы мәлімет (аты-жөні, әкесінің аты, білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атауы, лауазымы); әдейі жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы олар ескертілгені жайлы сот-психиатриялық сарапшылар қолымен куәландырылған белгі; сот-психиатриялық сарапшылар шешуге қойылған мәселелер; пайдаланылған әдістемелерді көрсете отырып, мазмұны мен зерттеу нәтижелерін беру; жүргізілген зерттеулер нәтижесін бағалау; сот-психиатриялық сарапшылардың алдына қойылған мәселелер бойынша негіздемелер мен тұжырымдау қорытындысы.

23. Сыртартқылық мәліметтер бұрынғыдан бүгінге дейінгі жүйелілікте хронологиялық бірізділікте жинақталуы тиіс. Сыртартқылық сұлба мәліметтері сот-психиатриялық өмір оқиғаларының туғанынан бастап сараптама өндірісінің басталғанына дейінгі сәттерді қамтиды, оған еңбек, отбасылық, сексуалдық, некелік, әлеуметтік (оның ішінде криминалдық) сыртартқы кіреді.

24. Сыртартқылық мәліметтерді суреттеу мыналарға бағытталуы тиіс:

1) психикалық бұзылулардың пайда болуы уақыты, сот-психиатриялық сараптама өндірісі тағайындалған тұлға өмірінің одан әрі күрделенуі немесе өмірінің түрлі жақтарына олардың ықпалын бағалау редукциясын ескеріле отырып (қай кезден бастап психикалық бұзылудан (аурудан) зардап шегеді), анықтау, психикалық бұзылулар (аурулар) клиникаларының өмір бойы динамикасында өзгеруі, олардың күрделенуі, тереңдей түсуі немесе босаңсуы, уақытша жоғалған функцияларының қалпына келуі);

2) ауруға дейінгі тұлғалық ерекшеліктерінің және ауру уақыты кезінде болған мінездемелік өзгерістерге дейін анықталуы;

3) әр түрлі тұрмыстық жағдайларға, жеке алғанда психикалық жарақаттарға жауап қайтаруы ерекшеліктерінің анықталуы;

4) бастан кешірген тәни аурулардың және тағы басқа экзогенді теріс факторлардың анықталуы ғана емес (бас сүйек-ми жарақаты, жүйкеге әсер ететін заттардың қолдануы), олардың психикалық күйлерге қандай ықпал көрсететінін анықталуы;

5) қиын жас кезеңдері ерекшеліктерінің анықталуы (пубертат, инволюция);

6) бұрын психотропты препараттармен емдеу оқиғаларындағы терапиялық анамнездің жиыны;

7) уақыт мерзіміндегі психикалық күй және мінез-құлық ерекшеліктері туралы мәліметтер, сот-психиатриялық сарапшылардың алдына қойылған сұрақтар шеңберінде сот-психиатриялық сараптаманы тағайындаған мүдделі орган (тұлға).

25. Қорытынды беру үшін маңызы бар қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерінің материалдарынан алынған мәліметтер том нөмірлері және істің беттерімен тура келуі тиісті.

26. Сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның психикалық күйін сипаттау кезінде оның сырт пішініне, қозғалысына, сөзіне, өзін ұстауына назар аударылуы тиіс және мыналар көрсетілуі тиіс:

1) сананың күйі – қоршаған ортада, уақытта, өзінің тұлғасында, сот-психиатриялық сараптама мақсатын түсінуде бағдарлау дәрежесі;

2) ойлау, жад, зерде, әсерленгіштік - ерік саласының, көңіл-күйі, зейіні және олардың бұзылуларының ерекшеліктері;

3) сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның бұрынғы өткен психикалық бұзылуларға қатынасы;

4) сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның бойында бар психотропиялық бұзылулар;

5) сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның істі (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықты бұзу бойынша) қозғауға себеп болған әрекеттерге және уақыт кезеңіне қатынасы;

б) өзінің жеке психикалық күйіне қатынасы.

27. Сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның психикалық күйін баяндау кезінде суреттеу әдісі қолданылады. Тексерілуші өзінің күйін, күйзелісін анық сипаттаушы сөздер мен сөйлемшелер қолданған оқиғаларда, олар төл сөз түрінде келтірілуі тиіс.

28. Сот-психиатриялық сарапшылар іс материалдарында сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның хаттары, күнделіктері, ауыртатын бұзылуларын өзіндік суреттеуі (өз күйін жазбаша түрде суреттеу), көркем шығармашылық әрекеттерінің түрлері, медициналық қызметкерлер құрамының күнделіктерінен алынған мәліметтер бар болса, қорытынды беру үшін пайдаланады.

29. Сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғалардың пароксизмал күйлерін болған жағдайларда патология сипатын анықтау үшін олардың ұзақтығы, сыртқы көрінулері (цианоз, қосымша қозғалыстардың бар болуы) суреттеледі.

30. Сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаны жалпы қараудан өткізуге мыналар кіруі тиіс:

1) әр түрлі зақымданулардың іздерінің анықталуы, оның ішінде өзіндік кесулер (олардың бұрынғылығын ескере отырып), татуировкалардың орналастырылуы және ерекшелігі, егер бар болса;

2) бастың шашты бөлігін жарақаттардан кейін алынған тыртықтарды табу үшін қарау;

3) әр түрлі бұрынғылықтың инъекцияларының іздерін анықтау, егер бар болса;

4) ауыздың шырышты қуысын тексеру (қалшылдаған ұстамалар салдарларынан тістемдердің іздерінің, тыртықтардың бар болуы).

31. Талап етілген шағымдар және тәни аурулардың болуын ескере отырып органдар және жүйелер бойынша тәни күйді зерттеу анамнезде мыналарды кіргізуі тиіс:

1) перкуссия және тыныс алу мүшелерін аускультациялы зерттеу;

2) жүрек-тамыр жүйесін тексеру (аускультация, артерия қысымын өлшеу, тамыр соғу жиілігін тыңдау);

3) ас қорыту мүшелерін зерттеу (ішті қолмен басып қарау, бауырдың үлкеюін анықтау, егер ондай болса).

32. Неврологиялық тексерулер кезінде мыналар анықталуы керек:

1) бас сүйек-ми жүйкелері функциясының бұзылулары.



2) сіңір және периосттық рефлексдер, олардың өзгерісі патологиялық рефлексдердің бар болуы, еркін қозғалыстардың көлемі, аяқ-қолдың салдануы және жартылай салдануларының бар болуы;

3) экстрапирамид бұзылыстары (гипокинез, гиперкинез көрінісі, бұлшық еттік тонустың бұзылысы, әр түрлі гиперкинездердің, дірілдеу, миоклонияның бар болуы);

4) мишық патологиясы және қозғалыс үйлестірілуінің бұзылулары, сөйлеу әрекетінің бұзылуы, жазуының, нистагмның өзгеруі;

5) сезгіштік және оның бұзылуы;

6) вегетативтік жүйке жүйесі функциясының бұзылулары.

33. Неврологиялық диагнозды дәлдеу қажеттігі кезінде тексеруің қосымша әдістері жүргізіледі:

1) қалшылдау дайындығы шегін төмендетуді, эпилепсиялық белсенділікті, сондай-ақ бас миы және бас сүйек іші гипертензиясының, ми қарыншасы көлемінің органикалық зақымдалуының жанама белгілерін тіркеуді констатациялауға мүмкіндік беретін эхо- және электроэнцефалографиялық зерттеулер;

2) мидың тамыр жүйесінің күйін көрсетуші реоэнцефалографиялық зерттеулер (қанмен жабдықталудың каротид және вертебрал бассейндерінің арқасында);

3) окулистің консультациясы (көз түбінің күйін анықтау, бас миының тамырлық органикалық зақымдалуы белгілерін анықтау).

34. Жүргізілген сот-психиатриялық сараптамалардың нәтижелері бойынша сот-психиатриялық сарапшылардың қорытындылары негіздемелерімен жүргізілген сот-психиатриялық сараптамалық зерттеулер нәтижелерінің бағалауы жүргізіледі.

35. Сот-психиатриялық сарапшылардың алдына қойылған сұрақтарға нақты жауаптары бар қорытындылар жеке тұжырымдалады.

## **6-тарау. Қорытындыны беру мүмкін еместігі туралы**

### **Хабардың құрылымы және мазмұны**

36. Қорытындыны берудің мүмкін болмауы туралы хабарлама осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, онда:

оның ресімделу күні, сот-психиатриялық сараптаманы өндіру мерзімдері және орны;

сот-психиатриялық сараптаманы өндіру негіздері;

сот-психиатриялық сараптаманы тағайындаған орган (тұлға) туралы мәліметтер;

сот-психиатриялық сараптаманы өндіру тапсырылған сот-психиатриялық сараптама органы және (немесе) сот-психиатриялық сарапшы (сарапшылар) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын қызметі);

көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы ескертілгені жөнінде сот-психиатриялық сарапшының (сарапшылардың) қолымен куәландырылған белгі;

сот-психиатриялық сарапшының (сарапшылардың) шешуіне қойылған сұрақтар;

сараптамалық зерттеу үшін ұсынылған объектілер;

сот сарапшысының (сарапшыларының) алдына қойылған сұрақтарға жауап беру мүмкін болмауының негіздемесі көрсетіледі.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Сот-психиатриялық сараптаманы  
өндіру жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

нысан

---

(Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру орны)

## **Сот-психиатриялық сараптама өндірісінің мерзімін ұзарту туралы өтінішхат**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

---

(сот-психиатриялық сараптаманы тағайындаған, хабарлама жіберілетінін орган (тұлға)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Сот-психиатриялық сараптама өндірісінің мерзімі:

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

Сот-психиатриялық сараптама өндірісін ұзарту мерзімі:

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің \_\_\_ бабы бойынша сезікті, айыпталушы немесе куәгер, жәбірленуші, талапкер, жауапшы болып табылатын оған қатысты сот-психиатриялық сараптама тағайындалған адамның

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған жылы)

оған қатысты сұрақ 20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қаулы, сот-психиатриялық сараптама тағайындаған органның немесе тұлғаның қаулысы, ұйғарымы)

\_\_\_\_\_

сәйкес шешіледі.

Сот-психиатриялық сараптаманың өндірісі мерзімін ұзарту себептері болатын ерекше жағдайлар:

1) сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның өндіріс процесіндегі психикалық жай-күйінің күрт өзгеруі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(психикалық жай-күйінің қысқаша сипаттамасы)

2) сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның өндіріс процесіндегі психикалық жай-күйінің күрт өзгеруі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тәни жай-күйінің қысқаша сипаттамасы)

3) Сарапшының сот-сараптамалық өндірісінің қорытындысына елеулі әсер ете алатын қосымша зерттеуді талап ететін жаңадан ашылған мән-жайлардың ( дәрігерлік құжаттама, істің жағдайы) айғақтардың пайда болуы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(нақты ашылған мән-жайларды көрсету)

Сот-психиатриялық сараптама органының басшысы / сот-психиатриялық сараптама органының қызметкері болып табылмайтын сот-психиатриялық сарапшы (сарапшылар) \_\_\_\_\_

Басшының тегі/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)  
мөр орны

Сот-психиатриялық сараптаманы  
өндіру жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

нысан

---

(Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру орны)

## **Сот-психиатриялық сараптама өндірісінің мерзімін тоқтата тұру туралы хабарлама**

**Ескерту. 2-қосымша жана редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

---

(сот-психиатриялық сараптаманы тағайындаған, хабарлама жіберілетінін орган (тұлға)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Сот-психиатриялық сараптама өндірісінің мерзімі:

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

Сот-психиатриялық сараптама өндірісін ұзарту мерзімі:

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің \_\_\_ бабы бойынша сезікті, айыпталушы немесе куәгер, жәбірленуші, талапкер, жауапшы болып табылатын оған қатысты сот-психиатриялық сараптама тағайындалған адамның

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған жылы)

оған қатысты сұрақ 20\_\_ жылғы "\_\_\_"

---

(қаулы, сот-психиатриялық сараптама тағайындаған органның немесе тұлғаның қаулысы, ұйғарымы)

---

сәйкес шешіледі.

Сот-психиатриялық сараптама өндірісінің мерзімін тоқтата тұру себептері: \_\_\_

---

---

Сот-психиатриялық сараптама органының басшысы / сот-психиатриялық сараптама органының қызметкері болып табылмайтын сот-психиатриялық сарапшы (сарапшылар)

---

Басшының тегі/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)  
мөр орны

Сот-психиатриялық сараптаманы  
өндіру жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

нысан

---

(Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру орны)

### **Сот-психиатриялық сараптама қорытындысын беру үшін қажетті қосымша материалдарды ұсыну туралы өтінішхат**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

---

(сот-психиатриялық сараптаманы тағайындаған, хабарлама жіберілетін орган (тұлға)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Сот-психиатриялық сараптама өндірісінің мерзімі:

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

Сот-психиатриялық сараптама өндірісін ұзарту мерзімі:

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің \_\_\_ бабы бойынша сезікті, айыпталушы немесе куәгер, жәбірленуші, талапкер, жауапшы болып табылатын оған қатысты сот-психиатриялық сараптама тағайындалған тұлғаның

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған жылы)

оған қатысты сұрақ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_ (қаулы, сот-психиатриялық сараптама тағайындаған органның немесе тұлғаның қаулысы, ұйғарымы)

---

сәйкес шешіледі.

Осы сұрау салудың қысқаша негіздемесі бар сот-психиатриялық сарапшылардың қорытындысын беру үшін қажетті қосымша материалдардың тізбесі: \_\_\_\_\_

Сот-психиатриялық сараптама органының басшысы / сот-психиатриялық сараптама органының қызметкері болып табылмайтын сот-психиатриялық сарапшы (сарапшылар)

Басшының тегі/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)  
мөр орны

Сот-психиатриялық сараптамалардың  
өндірісі бойынша Нұсқаулыққа  
4-қосымша

Нысан

ОКУД бойынша нысан коды \_\_\_\_\_

ОКПО бойынша ұйым коды \_\_\_\_\_

(Сот-психиатриялық сараптама органының атауы)

**Сот-психиатриялық сарапшылардың қорытындысы № \_\_\_\_\_**

Ескерту. 4-қосымша алынып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сот-психиатриялық сараптаманы  
өндіру жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

нысан

(Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру орны)

**Сот-психиатриялық сараптама қорытындысын берудің мүмкін болмауы туралы хабарлама**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2014 № 53 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

---

(сот-психиатриялық сараптаманы тағайындаған, хабарлама жіберілетін орган (тұлға)

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Сот-психиатриялық сараптама өндірісінің мерзімі:

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін.

Сот-психиатриялық сараптама өндірісін ұзарту мерзімі:

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің \_\_ бабы бойынша сезікті, айыпталушы немесе куәгер, жәбірленуші, талапкер, жауапшы болып табылатын оған қатысты сот-психиатриялық сараптама тағайындалған адамның

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған жылы)

оған қатысты сұрақ 20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_ (қаулы, сот-психиатриялық сараптама тағайындаған органның немесе тұлғаның қаулысы, ұйғарымы)

---

сәйкес шешіледі.

Сарапшылар туралы мәліметтер:

1) \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білімі, сарапшылық

мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ҒЫЛЫМИ

атағы, лауазымы)

2) \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білімі, сарапшылық

мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ҒЫЛЫМИ

атағы, лауазымы)

3) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ҒЫЛЫМИ

атағы, лауазымы)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 352-бабы бойынша көрнеу жалған қорытынды бергені үшін немесе қорытынды беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы сарапшылар ескертілді:

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

Сот сарапшысының (сарапшыларының) шешуіне қойылған сұрақтар:

1. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;

2. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;

3. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_.

Сарапшылық зерттеулер үшін ұсынылған объектілер:

1. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;

2. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;

3. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_.



Сот-психиатриялық сарапшының (сарапшылардың) алдында қойылған сұрақтарға жауап берудің мүмкін болмауы жөнінде негіздеме:

---

---

---

---

---

---

---

---

Сот-психиатриялық сарапшылардың / сот-психиатриялық сараптама органының қызметкері болып табылмайтын сот-психиатриялық сарапшының (сарапшылардың) қолдары:  
жетекші сарапшы:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)  
комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)  
Мөр орны